

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2025–2026 оқу жылында директор жанындағы кеңес жұмысы мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді. Кеңес отырыстары ай сайын өткізіліп, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігін көтеруге бағытталған мәселелер қарастырылды.

Тамыз айы Тамыз айындағы кеңесте оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылып, барлық сыныптардың оқулықпен қамтылу деңгейі талданды. «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетілді. Оқушылардың мектеп формасын сақтау талаптары түсіндіріліп, мектептің жылу жүйесі мен оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығы тексерілді. Нәтижесінде мектеп оқу жылын ұйымдасқан түрде бастауға толық дайын болды.

Қыркүйек айы Қыркүйек айында қатаң есептілік құжаттарының жүргізілуі және BilimClass платформасындағы жұмыстар қаралды. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, БЖБ, ГЖБ, зертханалық және сарамандық жұмыстар кестесі бекітілді. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылып, логопед маманның жұмыс жоспары таныстырылды. Барлық құжаттар нормативтік талаптарға сәйкес рәсімделді.

Қазан айы Пән бірлестіктерінің құжаттарының жүргізілу жағдайына бақылау жасалды. 9–11 сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстарының орындалуы қарастырылды. Оқушылардың жеке іс қағаздарын жүргізу сапасы тексеріліп, анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар берілді. Спорт секциялары мен үйірмелер жұмысының тиімділігі талданды.

Қараша айы АСППМ платформасымен жұмыс жүргізу жағдайы қарастырылды. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен оқу үлгеріміне мониторинг жасалды. Техника қауіпсіздігі талаптарының сақталуы тексеріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша профилактикалық шаралардың орындалуы сараланды.

Желтоқсан айы

Пән мұғалімдерінің дарынды оқушылармен жұмысы талданып, олимпиада мен ғылыми жобаларға дайындық деңгейі қарастырылды. «Жас маман» мектебінің жұмысына талдау жасалып, тәлімгерлік қолдау нәтижелері бағаланды. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жұмысы қорытындыланды. Жасөспірімдер арасындағы жыныстық тәрбиенің алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстардың есебі тыңдалды.

Қаңтар айы

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің жұмысы қарастырылып, оқу жетістіктеріне талдау жасалды. BilimClass жүйесіндегі жұмыстардың орындалу деңгейі сараланды. Тәлімгердің және әлеуметтік педагогтің I жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есептері тыңдалды.

Ақпан айы 11-сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары қаралды. Шет тілі пәні бірлестігінің жұмысына талдау жасалды. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу сапасы қайта қарастырылып, бақылау жүргізілді. Сынып жетекшілері бірлестігінің жұмысы қорытындыланды.

Наурыз айы Дене шынықтыру пәнінің берілу жағдайына бақылау жүргізілді. BilimClass электрондық журналының жүргізілу сапасы мен уақытылы толтырылуы тексерілді. Үйден оқытылатын оқушылармен жүргізілген жұмыстар қарастырылды. Бастауыш сынып пәндері бірлестігінің есебі тыңдалды.

Сәуір айы 9 және 11-сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындық деңгейі сараланып, мектеп психологының жұмысы қарастырылды. Мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беру жұмыстарының нәтижелері талданды. «Оқуға құштар мектеп» жобасының орындалуы бойынша есеп берілді. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Мамыр айы


Электрондық журналдардың уақытылы толтырылуы, оқу бағдарламасының орындалуы және тоқсандық қорытындылар талданды. Жазғы лагерь жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау мәселелері қарастырылды. Мектептің жөндеу жұмыстарына дайындық жүргізілді. Сонымен қатар 2026–2027 оқу жылына арналған негізгі мақсат-міндеттер айқындалды.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында директор жанындағы кеңестің жоспарланған барлық отырыстары уақытылы өткізілді. Кеңес барысында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, білім сапасын арттыру, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және ата-аналармен байланысты нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Қабылданған шешімдердің орындалуы тұрақты бақылауда болып, мектептің даму көрсеткіштерінің жақсаруына ықпал етті.

Келесі оқу жылында білім сапасын арттыру, цифрлық білім беру ресурстар тиімді пайдалану, дарынды оқушыларды қолдау және тәрбие жұмысының тиімділігін күшейту негізгі басым бағыттар ретінде белгіленді.

Мектеп директор



Г.С.Алиева

Хатшы



Жакыбаева Г.Н